

## «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАҚ» АҚ

### БАСШЫЛЫҚТЫҢ: 2022 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН ҮШ ЖӘНЕ АЛТЫ АЙ БОЙЫНША ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ (АУДИТТЕЛМЕГЕН) ЕСЕПТІЛІКТІ ЖӘНЕ 2022 ЖЫЛҒЫ 30 МАУСЫМДА АЯҚТАЛҒАН АЛТЫ АЙ ІШІНДЕГІ ҚАРЖЫЛЫҚ АХУАЛЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ТАЛДАУЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

Төменде берілген мәлімдеме тәуелсіз аудиторлардың және басшылықтың «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ («Компания») және оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай бойынша қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігі және 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі қаржылық ахуалының және қызмет нәтижелерінің талдауына қатысты жауапкершілігін шектеу мақсатында жасалды.

Топ басшылығы 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық ахуалы, сонымен қатар оның қызметінің нәтижелері, көрсетілген күнге аяқталған жылдың ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы және капиталдағы өзгерістер Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (ХҚЕС) сәйкес шынайы көрсетілген Топтың 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай бойынша қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне және 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі қаржылық ахуалының және қызмет нәтижелерінің талдауына қатысты оларды дайындау үшін жауап береді.

Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық:

- есепке алу саясатының қағидаттарын дұрыс таңдау және қолдану;
- ақпаратты, соның ішінде есепке алу саясаты туралы ақпаратты осындай ақпараттың орындылығын, шынайылығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нышанда ұсыну;
- ХҚЕС талаптарын орындау пайдаланушылардың есептілікті, қандай да бір мәмілелердің, сонымен қатар өзге де оқиғалардың немесе шарттардың Топтың шоғырландырылған қаржылық ахуалына және қызметтің шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне ететін әсерін түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайларда, қосымша ақпаратты ашып көрсету; және
- Топтың келешек көз жетерлік уақыттарда қызметті жалғастыруға қабілеттілігін бағалау үшін жауапкершілікте болады.

Басшылық сонымен қатар келесі іс-шараларға жауапты:

- Топтың барлық кәсіпорындарында тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау;
- есепке алуды Топтың мәмілелерін ашып көрсетуге және түсіндіруге, сонымен қатар Топтың шоғырландырылған қаржылық ахуалы туралы жеткілікті түрде дәл ақпаратты кез келген күн бойынша ұсынуға және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нышанда жүргізу;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына және бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жүргізу;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық орынды ықтимал шараларды қабылдау; және
- қаржылық және өзге теріс пайдаланушылық фактілерін болдырмау және айқындау.

Топтың 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай бойынша қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігін және 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі қаржылық ахуалының және қызмет нәтижелерінің талдауын басшылық 2022 жылғы 18 тамызда бекітті.



СЫДЫҚОВА К.Б.  
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ  
БАС ДИРЕКТОР



ҚОЖА-АХМЕТ Д.А.  
ҚАРЖЫ БАҚЫЛАУШЫСЫ

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық  
есептілік  
(аудиттелмеген)**

**2022 жылғы 30 маусым аяқталған үш және алты ай үшін**

## МАЗМҰНЫ

### ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ШОЛУ АРҚЫЛЫ ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

#### ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп ...	1
Қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп .....	2-3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы қысқаша аралық шоғырландырылған есеп .....	4
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп .....	5

#### Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

1	Жалпы ережелер .....	6
2	Қысқартылған аралық қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары .....	8
3	Есеп саясатының негізгі қағидаттары .....	8
4	Есеп саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдар .....	9
5	Сегменттік ақпарат .....	9
6	Байланысты тараптармен есеп айырысу және операциялар .....	13
7	Түсім .....	15
8	Өткізудің өзіндік құны .....	15
9	Сату бойынша шығыстар .....	16
10	Жалпы және әкімшілік шығыстар .....	16
11	Активтердің құнсыздануынан болған шығындар және құнсызданудан болған шығындарды қалпына келтіру .....	16
12	Өзге де кірістер .....	17
13	Бағамдық айырма бойынша өзге шығыстар және таза пайда/(шығын) .....	17
14	Қаржылық кірістер мен шығыстар .....	18
15	Табыс салығы бойынша шығыстар .....	18
16	Бір акцияға шаққандағы пайда және бір акцияның баланстық құны .....	19
17	Негізгі құралдар .....	20
18	Өндіріске дайындау бойынша шығындар .....	21
19	Жер қойнауын пайдалану құқығы .....	21
20	Барлау және бағалау активтері .....	22
21	Қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар .....	22
22	Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар .....	25
23	Өзге инвестициялар .....	28
24	Дебиторлық берешек .....	28
25	Өзге активтер .....	29
26	Қорлар .....	29
27	Байланысты тараптарға берілген қарыздар .....	30
28	Ақша қаражаты және оның баламалары .....	30
29	Капитал .....	30
30	Несиелер мен қарыздар .....	31
31	Кредиторлық берешек .....	31
32	Резервтер .....	31
33	Өзге міндеттемелер .....	32
34	Шартты және шарттық міндеттемелер .....	33
35	Қаржы құралдарының әділ құны .....	33
36	Бақыланбайтын үлес .....	34
36	Бақыланбайтын үлес (жалғасы) .....	35
37	Есепті кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар .....	36



## Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолып тексеру нәтижелері бойынша есеп

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ Басшылығы, Директорлар Кеңесі мен Акционерлеріне

### Кіріспе

Біз «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ және оның еншілес компанияларының 2022 жылғы 30 маусымдағы берілген жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептілікке, белгіленген күнмен аяқталған үш және алты ай аралығына тиісті қысқартылған аралық шоғырландырылған пайда немесе шығын және жиынтық табыс туралы және алты ай аралығына тиісті белгіленген күнмен аяқталған капиталдағы өзгерістер туралы және ақша қаражаттарының ағындары туралы есептіліктерге сондай-ақ тиісті түсіндірме жазбаларға шолу тексеру жүргіздік. Басшылық осы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептілікті «Аралық қаржылық есептілігі» атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандартына (IAS) сәйкес дайындалғаны және көрсетілгені үшін жауапты. Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген шолып тексерудің негізінде бұл қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы қорытынды қалыптастыру болып табылады.

### Шолып тексерудің көлемі

Біз шолып тексеруді 2410 «Компанияның тәуелсіз аудиторы жүргізетін аралық қаржылық ақпаратының шолып тексеруі» Халықаралық шолып тексерулер стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратының шолып тексеруі лауазымды адамдардан сауалнама алу негізінде, ең алдымен қаржылық және бухгалтерлік сұрақтарға жауапты адамдардан жауап алумен және талдау мен өзге де ресімдерден тұрады. Шолып тексеруінің көлемі Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиторлық тексеруден елеулі аз, сондықтан шолып тексеру бізге аудит кезінде айқындала алатын барлық маңызды мәселелердің белгілі болатындығына сенімділік алуға жағдай туғызбайды. Тиісінше, біз аудиторлық пікір білдірмейміз.

### Қорытынды

Өткізілген шолып тексерудің нәтижесінде қоса тіркелген қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігі барлық елеулі аспектілерінде, «Аралық қаржылық есептілігі» атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандартына сәйкес дайындалмағанын көрсететін еш бір факт біздің назарымызды аудартады.

*PricewaterhouseCoopers LLP*

2022 жылғы 18 тамыз  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**

**Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп**

Қазақстандық миллион теңгемен	Ескертпе	Аяқталған үш ай үшін		Аяқталған алты ай үшін	
		2022 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2021 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2022 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2021 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)
Түсім	7	348,439	179,882	493,716	235,501
Өткізудің өзіндік құны	8	(217,502)	(115,899)	(291,532)	(154,045)
<b>Жалпы пайда</b>		<b>130,937</b>	<b>63,983</b>	<b>202,184</b>	<b>81,456</b>
Сату бойынша шығыстар	9	(7,125)	(2,068)	(10,592)	(3,642)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	10	(11,545)	(10,157)	(18,774)	(16,499)
Қаржы активтерінің құнсыздануынан болған шығынды таза қалпына келтіру	11	64	77	133	80
Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған таза (шығын)/ шығынды қалпына келтіру	11	107	(1,003)	315	(1,071)
Бағамдық айырма бойынша таза пайда / (шығын)	13	(6,159)	1,908	17,126	3,037
Өзге де кірістер	12	791	749	3,489	1,541
Өзге де шығыстар	13	-	(3,349)	(10,325)	(4,177)
Қаржылық кірістер	14	9,382	1,603	11,400	2,767
Қаржылық шығыстар	14	(2,332)	(1,456)	(4,553)	(3,007)
Қауымдасқан кәсіпорындар нәтижелеріндегі үлес	21	9,087	11,673	17,460	12,056
Бірлескен кәсіпорындар нәтижелеріндегі үлес	22	6,606	2,175	5,877	1,968
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>		<b>129,813</b>	<b>64,135</b>	<b>213,740</b>	<b>74,509</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	15	(24,547)	(12,092)	(46,366)	(16,423)
<b>КЕЗЕҢДЕГІ ПАЙДА</b>		<b>105,266</b>	<b>52,043</b>	<b>167,374</b>	<b>58,086</b>
<b>Өзге жиынтық (шығын) / кіріс</b>					
<i>Пайда немесе шығындар құрамына кейіннен қайта жіктелуі мүмкін баптар:</i>					
Шетелдік функционалдық валютасы бар кәсіпорындар бойынша бағамдық айырма		(419)	59	441	93
Өзге де жиынтық кіріс		-	10	-	7
<b>Кезеңдегі өзге де жиынтық (шығын) / кіріс</b>		<b>(419)</b>	<b>69</b>	<b>441</b>	<b>100</b>
<b>КЕЗЕҢ ІШІНДЕГІ БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС</b>		<b>104,847</b>	<b>52,112</b>	<b>167,815</b>	<b>58,186</b>
<b>Кезең ішіндегі мыналарға қатысты пайда:</b>					
- компанияның меншік иелері		83,862	44,379	121,184	47,685
- бақыланбайтын үлес		21,404	7,664	46,190	10,401
<b>Кезеңдегі пайда</b>		<b>105,266</b>	<b>52,043</b>	<b>167,374</b>	<b>58,086</b>
<b>Кезең ішіндегі мыналарға қатысты барлық жиынтық табыс:</b>					
- компанияның меншік иелері		83,450	44,445	121,630	47,782
- бақыланбайтын үлес		21,397	7,667	46,185	10,404
<b>Кезең ішіндегі барлық жиынтық табыс</b>		<b>104,847</b>	<b>52,112</b>	<b>167,815</b>	<b>58,186</b>
Меншік иелеріне жатқызылатын кезең ішіндегі пайда негізінде есептелген қарапайым акцияға базалық және таратылған пайда (акцияға теңгемен)	16	323	171	467	184

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2022 жылғы 18 тамызда бекітті:



Сыздықова К. Б.  
Қаржы және  
экономика жөніндегі  
бас директор

Қожа Ахмет Д. А.  
Қаржы бақылаушы

Жақыпбекова С. Ж.  
Бас бухгалтер

Қоса беріліп отырған ескертпелер осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**Қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп**

<i>Қазақстандық миллион теңгемен</i>	Ескер тпө	2022 жылғы 30 маусым (аудиттелмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан
<b>АКТИВТЕР</b>			
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>			
Негізгі құралдар	17	170,134	171,487
Өндіріске дайындау бойынша шығындар	18	144,550	138,673
Жер қойнауын пайдалану құқығы	19	539,775	552,957
Барлау және бағалау активтері	20	25,797	24,378
Инвестициялық мүлік		2,047	2,065
Материалдық емес активтер		58,566	58,940
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		159	838
Қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар	21	100,221	116,892
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	22	37,328	37,803
Өзге инвестициялар	23	27,704	238
Кейінге қалдырылған салық активтері		32,777	30,689
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	27	4,242	5,493
Өзге активтер	25	47,713	39,295
<b>Ұзақ мерзімді активтер жиыны</b>		<b>1,191,013</b>	<b>1,179,748</b>
<b>Қысқа мерзімді активтер</b>			
Дебиторлық берешек	24	198,505	220,138
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		16,112	7,526
Өтелетін ҚҚС		72,806	46,447
Қорлар	26	310,844	275,856
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	27	3,602	3,357
Өзге инвестициялар	23	10,110	4,986
Банктердегі мерзімді депозиттер		8	43,220
Ақша қаражаты және оның баламалары	28	380,394	161,190
Өзге активтер	25	36,129	7,823
<b>Қысқа мерзімді активтер жиыны</b>		<b>1,028,510</b>	<b>770,543</b>
Сатуға арналған ретінде жіктелетін шығатын топтардың активтері	1	850	1,213
<b>БАРЛЫҚ АКТИВТЕР</b>		<b>2,220,373</b>	<b>1,951,504</b>

Қоса беріліп отырған ескертпелер осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.



«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

Ақша қаражатының қозғалысы туралы қысқаша аралық шоғырландырылған есеп

Қазақстандық миллион теңгемен	Ескертпе	2022 жылы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудиттелмеген)	2021 жылы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудиттелмеген)
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>			
Сатып алушылардан ақша қаражатының түсуі		665,531	239,840
Бюджеттен ҚҚС қайтару		9,738	23,528
Алынған сыйақы		4,889	1,992
Жеткізушілерге төлемдер		(311,688)	(122,877)
Жұмыскерлерге төлемдер		(34,590)	(24,223)
Төленген табыс салығы		(51,536)	(20,282)
Төленген басқа да салықтар		(48,153)	(25,758)
Төленген сыйақы		(15)	(70)
Өзгесі		22,051	8,683
<b>Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының ағындары</b>		<b>256,227</b>	<b>80,833</b>
<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>			
Негізгі құралдарды сатып алу		(6,509)	(6,038)
Негізгі құралдардың шығуынан түсетін түсімдер		1,202	55
Материалдық емес активтерді сатып алу		(552)	(356)
Кен орнын игеру бойынша активтерді сатып алу		(16,799)	(12,182)
Барлау және бағалау активтерін сатып алу		(2,065)	(209)
Қысқа мерзімді бағалы қағаздарды сатып алу		(70,219)	(30,774)
Еурооблигацияларды сатып алу		(8,804)	-
Қысқа мерзімді бағалы қағаздарды өтеуден түскен кірістер		65,646	30,761
Мерзімді салымдарды және пайдаланылуы шектелген ақша қаражатын орналастыру		(1,352)	(6,419)
Басқа инвестицияларды сатып алу		(12,368)	-
Қауымдасқан кәсіпорындарға инвестицияларды іске асыру		364	-
Мерзімді салымдарды және пайдаланылуы шектелген ақша қаражатын өтеу		44,688	6,053
Байланысты тараптарға берілген қарыздарды өтеу		1,695	1,564
Қауымдасқан кәсіпорындардан, бірлескен кәсіпорындардан және өзге де инвестициялардан алынған дивидендтер		36,888	4,649
Өзгесі		(2,879)	(954)
<b>Инвестициялық қызметтен/(пайдаланылған) ақша қаражатының ағындары</b>		<b>28,936</b>	<b>(13,850)</b>
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ</b>			
Кредиттер мен қарыздарды өтеу		-	(10,287)
Бақыланбайтын үлеске төленген дивидендтер		(81,158)	(19,998)
Жалдау бойынша төлемдер		(130)	(230)
Өзгесі		(5)	-
<b>Қаржы қызметінде пайдаланылған ақша қаражатының ағындары</b>		<b>(81,293)</b>	<b>(30,515)</b>
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза ұлғаюы</b>		<b>203,870</b>	<b>36,468</b>
Кезең басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары		161,190	113,347
Валюта бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен олардың баламаларына әсері		15,326	1,955
Ақша қаражаты мен олардың баламаларының құнсыздануына арналған резервтегі өзгеріс		8	(8)
<b>Кезең соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары</b>	<b>28</b>	<b>380,394</b>	<b>151,762</b>

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2022 жылғы 18 тамызда бекітті:

Сығдықова К. Б.  
Қаржы және  
экономика жөніндегі  
Бас директор

Қожа-Ахмет Д. А.  
Қаржы бақылаушы

Жақыпбекова С. Ж.  
Бас бухгалтер

Қоса беріліп отырған ескертпелер осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
**Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп**

Қазақстандық миллион төңгемән	Компания иелеріне тиесілі					Иеленудің бақыланбайтын үлесі	Барлық капитал
	Акционерлік капитал	Резервтер	Бөлінбеген пайда	Қосымша төленген капитал	Барлығы		
2021 жылғы 1 қаңтарға қалдық	37,051	1,666	1,029,477	4,461	1,072,655	267,137	1,339,792
Кезеңдегі пайда	-	-	47,685	-	47,685	10,401	58,086
Шетелдік қызметті аударудан бағамдық айырма	-	90	-	-	90	3	93
Өзге де жиынтық пайдалар мен залалдар	-	(3)	10	-	7	-	7
<b>Кезең ішіндегі жиынтық табыстың жиынтығы (аудиттелмеген)</b>	-	<b>87</b>	<b>47,695</b>	-	<b>47,782</b>	<b>10,404</b>	<b>58,186</b>
Акционерлерге жарияланған дивидендтер	-	-	(150,082)	-	(150,082)	-	(150,082)
Еншілес ұйымдар мен өзге қатысушыларға жариялаған дивидендтер	-	-	-	-	-	(20,358)	(20,358)
Басқа операциялар	-	-	2,254	(2,039)	215	377	592
<b>2021 жылғы 30 маусымға (аудиттелмеген)</b>	<b>37,051</b>	<b>1,753</b>	<b>929,344</b>	<b>2,422</b>	<b>970,570</b>	<b>257,560</b>	<b>1,228,130</b>
2022 жылғы 1 қаңтарға қалдық	37,051	1,866	1,148,387	2,539	1,189,843	347,258	1,537,101
Кезеңдегі пайда	-	-	121,184	-	121,184	46,190	167,374
Шетелдік қызметті аударудан бағамдық айырма	-	445	-	-	445	(4)	441
<b>Кезең ішіндегі жиынтық табыстың жиынтығы (аудиттелмеген)</b>	-	<b>445</b>	<b>121,184</b>	-	<b>121,629</b>	<b>46,186</b>	<b>167,815</b>
Акционерлерге жарияланған дивидендтер	-	-	(227,388)	-	(227,388)	-	(227,388)
Еншілес ұйымдар мен өзге қатысушыларға жариялаған дивидендтер	-	-	-	-	-	(81,218)	(81,218)
<b>2022 жылғы 30 маусымға (аудиттелмеген)</b>	<b>37,051</b>	<b>2,311</b>	<b>1,042,183</b>	<b>2,539</b>	<b>1,084,084</b>	<b>312,226</b>	<b>1,396,310</b>

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2022 жылғы 18 тамызда бекітті:



Сыздықова К. Б.  
 Қаржы және  
 экономика жөніндегі  
 бас директор

Қожа Ахмет Д. А.  
 Қаржы бақылаушы

Жақыпбекова С. Ж.  
 Бас бухгалтер

## **1 Жалпы ережелер**

### **Ұйымдық құрылым және қызмет**

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «Компания») және оның еншілес кәсіпорындары (бұдан әрі бірлесіп – «Топ» немесе «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ) арналған осы Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілік 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін «Аралық қаржылық есептілік» 34 халықаралық бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес дайындалды.

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған акционерлік қоғам болып табылады. Компания «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 14 шілдедегі № 3593 Жарлығына және «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясының мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 шілдедегі № 1148 қаулысына сәйкес жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын жабық акционерлік қоғам түрінде құрылды.

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша компания акцияларының 75%-ы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі және акциялардың 25%-ы еркін айналымда.

Компания Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Сығанақ к., 17/12 мекенжайында тіркелген. Негізгі қызмет орны Қазақстан Республикасы болып табылады.

Топ қызметінің негізгі түрі уран өндіру және уран өнімін сату болып табылады. Топ әлемдегі жетекші уран өндіруші компаниялардың қатарына кіреді. Бұдан басқа, топ сирек металдарды қайта өңдеу, бериллий және тантал өнімдерін өндіру және өткізу, операциялық қызметті ғылыми сүйемелдеу жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

### **Операциялық орта**

Қазақстан Республикасының экономикасы дамып келе жатқан нарықтарға тән кейбір сипатты ерекшеліктерді көрсетіп келеді. Ол ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газ және басқа да минералдық шикізат бағаларының ауытқуларына ерекше сезімтал. Бұл ерекшеліктер сондай-ақ елден тыс жерлерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуын және қазақстандық борыштық және үлестік бағалы қағаздардың шетелдік қор нарықтарында болмашы қатысуын да қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. Өңірдегі сақталып отырған саяси шиеленіс, оның ішінде 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап болған елеулі оқиғалар (Қазақстандағы жаппай тәртіпсіздіктер және Ресей-Украина қақтығысы) өтімділіктің төмендеуін, халықаралық қаржыландыруды тартудағы қиындықтарды және айырбас бағамының құбылмалылығын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсерін тигізді және көрсетуді жалғастыруы мүмкін.

2015 жылғы 20 тамызда Ұлттық банк пен Қазақстан Республикасының Үкіметі теңгенің айырбас бағамын қолдауды тоқтату және инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген жаңа ақша-кредит саясатын іске асыру, валюталық дәлізді жою және еркін құбылмалы айырбас бағамына көшу туралы шешім қабылдады. Бұл ретте Ұлттық банктің айырбас бағамына қатысты саясаты қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін теңгенің айырбас бағамының күрт ауытқуын болдырмау үшін интервенцияларға жол береді.

Басшылық ағымдағы жағдайларда Топ қызметінің тұрақтылығы мен өсуін қолдау үшін барлық қажетті шараларды қолданатынына сенімді. Болашақ экономикалық жағдай мен нормативтік-құқықтық орта басшылықтың қазіргі үміттерінен өзгеше болуы мүмкін.

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ 380 миллиард теңге мөлшеріндегі ақша қаражаты мен оның баламаларын қоса алғанда, ағымдағы таза активтердің құны 452 миллиард теңге, борыштың төмен деңгейі және пайдаланылмаған кредиттік желілердің шамамен 166 миллиард теңге (352 миллион АҚШ доллары) болатын қаржылық орнықты компания болып қала береді.

## **1 Жалпы ережелер (жалғасы)**

### **Топ қызметінің нәтижелеріне әсер ететін елеулі факторлар**

2022 жылдың бірінші жартыжылдығындағы топ қызметінің нәтижелеріне әсер еткен маңызды факторлар:

- 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған кезеңде топтың сату көлемінің 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 46% - дан астамға ұлғаюы негізінен жеткізуге клиенттердің сұраныстарының түсу мерзімдеріне негізделген. Әр тоқсанның сату көлемі клиенттердің жеткізілімге деген сұраныстарының түсу мерзіміне және жеткізілім кестесіндегі сәйкес айырмашылықтарға байланысты айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін;
- 2021 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда уранның споттық бағасының 38% - дан астамға ұлғаюы. Сонымен қатар, кейбір ұзақ мерзімді келісімшарттар бойынша баға белгілеу тетіктері спот бағасының күрт көтерілуіне дейін бекітілген бағаның тіркелген базалық компоненттерін қамтиды. Нәтижесінде, 2022 жылдың бірінші тоқсанында топ бойынша сатудың орташа бағасының өсуі уранның споттық нарығындағы бағаның өсуіне қарағанда төмен болды;
- 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде АҚШ долларының шамамен 8% - ға өсуі (өткен кезеңмен салыстырғанда 6% - ға). Айырбастау бағамдары төменде 3-ескертпеде келтірілген.

Жоғарыда аталған факторлардың барлығы уран мен уран өнімін сатудан түскен табыстарға оң әсер етті, ол 248,185 миллион теңгеге ұлғайды (7-Ескертпе), өйткені Топтың шоғырландырылған түсімінің басым бөлігі АҚШ долларымен өндіріледі.

Сату жоспарларының артуы топтың бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарынан, сондай-ақ үшінші тараптардан споттық нарықта  $U_3O_8$  басым бағаларына сүйене отырып айқындалатын бағалар бойынша уран мен уран өнімін неғұрлым ірі сатып алуға әкелді, соның нәтижесінде сатудың өзіндік құны (қорларды өткізудің таза құнына дейін есептен шығару бойынша шығыстарды есепке алмағанда) 133,864 миллионға ұлғайды (8-Ескертпе) және кредиторлық берешек 30,311 миллион теңгеге ұлғайды (31-Ескертпе).

Топтың қарыз алуының басым бөлігі АҚШ долларының айырбас бағамының өзгеруіне байланысты индекстеу туралы ескертумен теңгеде номиналданған. Индекстеу нәтижесінде облигациялардың құны 8,767 миллион теңгеге ұлғайды (30-Ескертпе).

Сондай-ақ жоғарыда баяндалғанға байланысты 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған кезеңдегі бағамдық айырма бойынша таза пайда 2021 жылғы салыстырмалы кезеңге қарағанда 14,089 миллион теңгеге көп болды (13-Ескертпе).

### **COVID-19 коронавирус инфекциясы**

"Қазатөмөнеркәсіп" ҰАК " АҚ COVID-19 пандемиясымен күрес бойынша барлық қажетті шараларды қабылдады және қабылдауды жалғастыруда. Ағымдағы есеп беру кезеңінде пандемия топтың қызметіне теріс әсер еткен жоқ. Қызметкерлерді COVID-19 вакцинациясы Қазақстанда денсаулық сақтау бойынша қабылданған ұсынымдармен жалғасуда.

### **Ресейге қарсы санкциялардың әсері**

Ағымдағы тәуекелдерді бағалау бағдарламасы аясында басшылық Ресейге қарсы санкциялардың Топтың қызметіне тигізетін әсерін талдайды. Бүгінгі таңда санкциялар топтың қызметіне айтарлықтай әсер еткен жоқ, дегенмен Ресей мен Украина арасындағы қақтығыстан туындаған нарықтық белгісіздік уранның спот бағасының, ұлттық валютаның айырбас бағамының және компанияның бағалы қағаздарының бағасының айтарлықтай құбылмалылығына әкелді. Есепті кезең ішінде Компания сондай-ақ 25-ескертпеде көрсетілгендей банктік төлемдермен кейбір қиындықтарды бастан өткерді. 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша санкциялар тізіміне енгізілген қаржы институттарында орналастырылған барлық қаражат алынып, басқа жергілікті банктерге аударылды.

Топтың экспортталатын өнімінің бір бөлігі Ресей аумағы бойынша тасымалданады және тиісінше Ресей аумағы бойынша транзитпен де, теңіз кемелерімен жүктерді жеткізумен де байланысты тәуекелдер бар. Топ санкциялардың дайын өнімді тасымалдауға ықтимал әсерін үнемі қадағалап отырады. Осы қаржылық есептілік күніне топтың өнімдерін түпкілікті тұтынушыларға жеткізуге байланысты қызметіне шектеулер жоқ.

## **1 Жалпы ережелер (жалғасы)**

Басшылық болашақ оқиғалардың, егер бар болса, топтың қаржылық жағдайына немесе операциялық нәтижелеріне әсерін болжай алмайды. Басшылық Ресейге қарсы санкциялардың топқа ықтимал әсерін бақылауды жалғастырады және тәуекелдерді азайту үшін барлық қажетті қадамдарды жасайды. Осы аралық қаржылық есептілікті бекіту күніне Қазақстандағы бес уран өндіруші кәсіпорындардағы топтың серіктесі болып табылатын «Росатом» мемлекеттік корпорациясының тобы санкциялар тізіміне енгізілмеген.

### **Топ құрылымындағы елеулі өзгерістер**

#### **"Каустик" АҚ**

2021 жылғы 30 желтоқсанда қоғам мен «Каустик» АҚ мажоритарлық акционерлерінің бірі «Біріккен химиялық технологиялар» сауда үйі ЖШС арасында «Каустик» АҚ акциялар пакетінің 40% сатып алу-сату шарты жасалды. Сату бағасы 1,214 миллион теңгені құрайды, әділ нарықтық құнды тәуелсіз бағалауға негізделген. Сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес иелену үлестерін төлеу және пропорционалды беру бөліктеп жүргізілуі тиіс. 364 миллион теңге мөлшеріндегі бірінші транш 2022 жылғы қаңтарда алынды. 12%-ға тең жай акцияларды қабылдау-беру актісіне 2022 жылғы ақпанда қол қойылды. Қалған бөлігін сатып алушы сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап 24 ай ішінде төлеуге тиіс. 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша "Каустик" АҚ-дағы инвестиция сатуға арналған активтер құрамында 850 миллион теңге мөлшерінде көрсетілген.

## **2 Қысқартылған аралық қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары**

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілік 34 "Аралық қаржылық есептілік" халықаралық бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес дайындалды.

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиттелмеген болып табылады және жылдық қаржылық есептілікте ашылуы қажет барлық ақпаратты қамтымайды. Топ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған 2021 жылға арналған аудиттелген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікте қамтылған ақпаратты (есепке алу саясатының қағидаттары және сомалар немесе құрам бойынша елеулі өзгерістерге ұшырамаған баптар туралы егжей-тегжейлі мәліметтер сияқты) елеулі түрде қайталайтын ақпаратты ашпады.

Басшылық осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікте қамтылған ашылған ақпараттар осы есептілік 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін есептілікпен бірге қаралған жағдайда жеткілікті ақпарат береді деп пайымдайды. Басшылықтың пікірінше, осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікке қаржылық жағдайды, қызмет нәтижелерін, капиталдағы өзгерістер туралы есептерді және топтың аралық есепті кезеңдердегі ақша қаражатының қозғалысын дұрыс ұсыну үшін қажетті барлық түзетулер енгізілген.

## **3 Есеп саясатының негізгі қағидаттары**

### **Қаржылық есептілікті дайындау негізі**

Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары 2022 жылы топ қабылдаған стандарттар мен интерпретацияларды қоспағанда, топтың 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін және тиісті аралық есепті кезең үшін жылдық қаржылық есептілігін жасау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді:

- Мақсаты бойынша пайдаланғанға дейінгі түсім-тұжырымдамалық негіздерге сілтеме-ХҚЕС (IAS) түзетулері 16;
- ХҚЕС (IAS) 37 және ХҚЕС (IFRS) 3 түзетулері;
- Сондай – ақ 2018-2020 жж. ХҚЕС (IFRS) 1, ХҚЕС (IFRS) 9, ҚЕХС (IFRS) түзетулері 16 және ХҚЕС (IAS) 41 (2020 жылғы 14 мамырда шығарылды және 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді).

Жаңа стандарттар 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жоқ.

### **3 Есеп саясатының негізгі қағидаттары (жалғасы)**

#### **Маусымдық**

Топтың қызметі маусымдық ауытқуларға айтарлықтай тәуелді емес.

#### **Айырбас бағамдары**

Осы есеп беру күніндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми айырбастау бағамы 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 465.08 теңгемен (2021 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 431.67 теңге) салыстырғанда 1 АҚШ доллары үшін 476.20 теңгені құрады. 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі валюталардың орташа бағамы 1 АҚШ доллары үшін 449.85 теңгені құрады (2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін: 1 АҚШ доллары үшін 424.18 теңге). 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған үш ай ішіндегі валюталардың орташа бағамы 1 АҚШ доллары үшін 442.75 теңгені құрады (2021 жылғы 30 маусымда аяқталған үш ай үшін: 1 АҚШ доллары үшін 428.41 теңге).

#### **Табыс салығы**

Аралық кезеңдер үшін табыс салығы бойынша шығыстар бүкіл қаржы жылы үшін күтілетін табыс салығының қолданыстағы есептік орташа мөлшерлемесіне негізделеді. Осы мөлшерлеме екінші тоқсан ішінде тауарлық қарыздарды қайта бағалаудан (33-Ескертпе) және бірінші тоқсанда есептелген облигацияларды индекстеуден (30-Ескертпе) шегерілмейтін шығындардың азаюына байланысты 23% - дан 19% - ға дейін қайта қаралды.

### **4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдар**

Аралық қаржылық есептілікті дайындау басшылықтан есеп саясатын қолдануға және активтердің, міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың танылған сомаларына әсер ететін пайымдауларды қалыптастыруды және есептік бағалаулар мен жорамалдарды пайдалануды талап етеді. Нақты нәтижелер пайдаланылған есептік бағалаудан өзгеше болуы мүмкін. Басшылықтың қолданылатын есеп саясатына қатысты елеулі пайымдаулары және осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған бағалаулардағы белгісіздіктің негізгі көздері ХҚЕС-қа сәйкес дайындалған топтың 2021 жылға арналған жылдық есептілігіндегі ұқсас пайымдауларға және көздерге сәйкес келеді.

### **5 Сегменттік ақпарат**

Операциялық сегменттер шаруашылық қызметті жүзеге асыратын компоненттер болып табылады, бұл ретте олар түсімді генерациялай алады немесе шығыстармен байланысты болуы мүмкін, сегменттердің операциялық нәтижелерін операциялық шешімдерге жауапты басшы үнемі талдайды және операциялық сегменттер үшін жеке қаржылық ақпарат болады. Операциялық шешімдерге жауапты менеджерді ресурстарды бөлетін және ұйымның нәтижелерін бағалайтын бір адам немесе адамдар тобы ұсына алады. Операциялық шешімдерге жауап беретін басшының функцияларын Басқарма төрағасының басшылығымен топ басқармасы орындайды.

#### **(а) Сатудан әрбір өсепті сегмент түсім алатын өнімдер мен қызметтердің сипаттамасы**

Топ геологиялық барлаудан, уран өндіруден және уран өнімін өндіруден бастап өткізуге және қосалқы қызметтерді көрсетуге (тасымалдау мен логистиканы, сатып алуды, зерттеулерді және басқаларды қоса алғанда) дейінгі түпкі өнімдердің өндірістік тізбегіне тартылған тігінен интеграцияланған компания болып табылады. Топ қызметін екі негізгі операциялық сегмент шеңберінде жүзеге асырады:

Уран-уран өндіру және қайта өңдеу, топтың бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындарынан уран сатып алу, өндірілген және сатып алынған уранды сыртқы сату және оның маркетингі. Уран сегменті уран өндірумен және сатумен айналысатын бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардың таза нәтижелеріндегі топтың үлесін, сондай-ақ топтың бас офисін («Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ) қамтиды.

ҮМЗ («Үлбі металлургия зауыты» АҚ) – құрамында бериллий, тантал және ниобий, плавик қышқылы мен жанама өнімдері бар өнімдерді өндіру және өткізу, Топ кәсіпорындары үшін уран алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу (толлинг шартында), уран ұнтақтарын және отын таблеткаларын өндіру және жылу бөлетін құрамалар мен олардың компоненттерін өндіру.

Негізінен уран сегментіне (бұрғылау, тасымалдау, күзет қызметтері, геологиялық барлау және т.б.) қызмет көрсететін топтың кейбір еншілес компанияларының кірістері мен шығыстары осы операциялық сегменттің нәтижелеріне бөлінбеген. Топтың бұл кәсіпорындары есептік операциялық сегменттерге енгізілмеген, өйткені олардың қаржылық нәтижелері сандық шекті мәнге сәйкес келмейді. Осы және басқа да кішігірім операциялардың нәтижелері «Басқа» тақырыбына енгізілген.

## **5 Сегменттік ақпарат (жалғасы)**

### **(б) Есеп беру сегменттерін анықтау үшін басшылық қолданатын факторлар**

Топ сегменттері - бұл әртүрлі клиенттерге бағытталған стратегиялық бизнес бірліктер. Олардың әрқайсысы өндірістік процестердегі, өндірілетін тауарлардың түрлеріндегі, инвестициялық және маркетингтік стратегиядағы айырмашылықтарға байланысты бөлек басқарылады.

Операциялық шешімдерге жауап беретін басшы қарайтын сегменттер бойынша қаржылық ақпаратқа мыналар кіреді:

- тоқсандық негізде ХҚЕС негізінде бизнес-бірліктер (сегменттер) бойынша кірістер мен шығыстар туралы ақпарат;
- активтер мен міндеттемелер туралы, сондай-ақ тоқсандық негізде сегменттер бойынша күрделі шығындар туралы ақпарат;
- ай сайынғы және тоқсандық негізде талданатын операциялық деректер (өндіріс көлемі және қор деңгейі сияқты) және сату туралы деректер (өнім түрі бойынша сату көлемі, орташа бағалар сияқты).

### **(в) Операциялық сегменттердің пайдасын немесе залалын, активтері мен міндеттемелерін бағалау**

Операциялық шешімдерге жауап беретін басшы әр сегменттің нәтижелерін жалпы маржа мен таза пайда негізінде бағалайды. Сегменттік қаржылық ақпарат ХҚЕС-қа сәйкес дайындалған және қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілік деректеріне сәйкес келеді.

Басқа сегменттерден түсетін түсім шикізат пен материалдарды, тауарлар мен қызметтерді бір сегменттен екінші сегментке беруді қамтиды, сома ұқсас тауарлардың нарықтық бағалары негізінде айқындалады.

**«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ**  
 Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер  
 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін

**5 Сегменттік ақпарат (жалғасы)**

**(з) Еселті сегмент туралы ақпарат пайда немесе шығын, активтер және міндеттемелер**

2022 жылғы 30 Маусымда және 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін еселті сегменттер бойынша ақпарат төмендегі кестеде келтірілген:

Қазақстандық миллион теңгемен	Уран		ҮМЗ		Өзгесі		Элиминация		Барлығы	
	30 маусым 2022 жыл	30 маусым 2021 жыл								
Сыртқы түсім	435,633	202,442	43,378	22,971	14,705	10,088	-	-	493,716	235,501
Басқа сегменттерден түсетін түсім	4,219	1,144	2,771	1,870	33,029	25,210	(40,019)	(28,224)	-	-
Өткізудің өзіндік құны	(244,032)	(131,975)	(34,863)	(16,570)	(45,052)	(30,848)	32,415	25,348	(291,532)	(154,045)
